

I.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №IV хаттамасы

Ақтөбе қаласы

31.08.2023ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

- 1.2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. Хабарламашы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-Балғалиев А.Н
- 2.Мектептің жекелеген санаттағы оқушылар тізімін бекіту. Хабарламашы директордың жбб жөніндегі орынбасары Имандосова Р.
- 3.Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылуы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Балғалиев сөз бастады:

2022 - 2023 оқу жылында «I.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта 29 класс жиынтығында – 674 оқушы, ал мектепалды даярлық сыныбы бойынша 1 сынып жиынтықта – 24 білім алушы оқиды. «I.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.

I 2023-2024 оқу жылының НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер

1.2 Үлгілік оқу жоспарының ерекшеліктері

1.3 Педагогикалық тәсілдер Құндылыққа бағытталған тәсіл Құзыреттілік тәсіл STEM/ STEAM тәсілі

1.4 Функционалдық сауаттылық

1.5 Инклюзивті білім беру ортасын құру

II ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Білім берудегі сабақтастық

2.2 Тәрбие жұмысының ерекшеліктері

2.3 Білім беру салалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру Тіл және әдебиет Математика және информатика Жаратылыстану Адам және қоғам Технология және өнер Дене шынықтыру Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

2.4 Элективті курстардың тақырыптары

2.5 Мектеп кітапханаларының жұмысын күшейту Цифрлық кітапхана

2.6 Сабақты жоспарлау

2.7 Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру

2.8 Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет

2.9 Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс.

2.10 Кәсіптік бағдар беру жұмысы

2.11 Жалпы білім беретін мектептерінде балаларға қосымша білім берудің

ерекшеліктері



Сканировано с CamScanner

2.12 Арнайы мектептерде/сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту.

III БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

3.2 Формативті бағалау

3.3 Жиынтық бағалау АТАУЫЛЫ КҮНДЕР Білім берудегі 1000 көшбасшы Орта білім беру саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау және озық педагогикалық тәжірибемен алмасу

Қазақ тілінде оқытатын 1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады • 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады • Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады • Негізгі орта (5,6,7,8-сыныптар), жалпы орта (10- сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

- Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту
- Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру
- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады
- Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту
- Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру

Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналар академиясын» құру

• Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру (Академия сайтында)

• «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу.

Екінші мәселе бойынша директордың жбб орынбасары Р.Имандосова сөз сөйледі: 2023-2024 оқу жылының тамыз, қыркүйек айында мектептегі әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларды анықтау жұмысы жүргізілді. Анықтау жұмысының мақсаты – әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларын мектебіміздегі жекелеген санат тізіміндегі оқушылар тізіміне енгізу. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары

ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қазіргі таңда жекелеген санаттағы оқушылар тізіміне 85 оқушы құжат тапсырды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы саны 23, аз қамтылған отбасындағы оқушы саны 62. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысымен. Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР үкіметінің 08.08.2022 №544 қаулысына сәйкес 85 оқушы қаржылай көмек алды және сонымен қатар №64 қаулыға сәйкес 1-4 класс аралығындағы 214 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады. "Мектепке жол" республикалық акция аясында Ақтөбе қалалық маслихат депутаты Шынар Ершілік және мектебіміздің түлектері биылғы оқу жылында алғаш мектеп табалдырығын аттағалы отырған, жекелеген санатқа жататын 5 оқушыға мектеп формасын алып берді. Сонымен қатар ата-аналар мен мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен 7 класс оқитын жекелеген санаттағы 1 оқушыға ақ жейде, шалбар, спорттық аяқ киім, сумка және оқу құралдары, бастауыш кластың 5 оқушыға сумка, 2 оқушыға аяқ киім алып берді. Ақтөбе облысы маслихатының депутаты Қойлыбаев Марат ағайдың демеушілігімен мектебіміздің 9 отбасы азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

3 мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Қалиева Ж сөз сөйледі:

Қазіргі таңда жан-жақты біліммен тәрбие берер мәдени орындардың бірі - мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орындарындағы білімге ұмтылған жас ұрпақты оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарымен айналысып келеді.

Биылғы оқу жылында 2-3-4-5-6 класстың ерекше білімді қажет ететін оқушыларға оқулықтары жаңа басылыммен шығарылды.

Биылғы оқу жылындағы 622 оқушы оқулықтармен толық 100% пайыз қамтылып отыр.




Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:

1. Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты, қаулылары негізге алынсын.
2. Жекелеген санаттағы оқушылар тізімі бекітіліп, оқушылардың құжаттары уақытында жинақталсын.
3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылармен жүргізілетін жұмыс әлеуметтік педагог, класс жетекшілер мен ата-аналармен тығыз байланыста, талапқа сай жүргізілсін.
4. Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылу деңгейі “қанағаттанарлық” деп бағалансын, оқушыларды оқулықпен толықтай қамту жұмысы жалғасын тапсын.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  Қ.Танірберген

Кеңес мүшелері:

	К.Кенжеғалиева
	У.Оразымбетов
	Р.Байлиева
	М.Исламғалиева
	А.Тоқсанбаева
	К.Мешелов
	Д.Тулеуова